

## Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 тамыздағы N 866 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29. N 1369 (2008 жылғы 1 шілдеде қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29 N 1369 (2008 жылғы 1 шілдеде қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 9 т а м ы з д а ғ ы

N 8 6 6 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### **Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесі**

Телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне мыналар жатады:

1) елді мекендерде ұсынылатын тіркелген телефон байланысының (жергілікті ішкі аймақтық және қалааралық) қызметтері: тұрғындар саны 500-ден 1000-ға дейін - қоғамдық телефон/таксофон арқылы\* ;

тұрғындар саны 200-ден 1000-ға дейін - қоғамдық телефон/таксофон арқылы\* ;

тұрғындар саны 1000-нан 3000-ға дейін - аралас (ұжымдық\*\*\*/жеке)\*\*\*\* қол жетімділікті ұйымдастыру ;

тұрғындар саны 3000-нан астам - аралас (жеке/ұжымдық)\*\*\*\*\* қол жетімділікті ұйымдастыру ;

2) тұрғындар саны 3000-нан астам адам бар елді мекендерде Интернетке ұжымдық қол жеткізу қызметтері ;

3) "жай" және "шұғыл" санаттағы жеткізудің нормаланған мерзімі бар жеделхаттарды жеткізуді қоса алғанда, телеграфтық байланыс қызметтері.

## Е с к е р т у

\* - тұрғындар саны 200 адам және одан да көп елді мекендерді телефондау жоспарын бекіткенге дейін.

\*\* - тұрғындар саны 200 адам және одан да көп елді мекендерді телефондау жоспарын бекіткеннен кейін.

\*\*\* - телекоммуникациялардың қызметтеріне ұжымдық қол жеткізу мынадай жолмен іске асырылады :

эмбебап таксофондарды қоса алғанда, (қалааралық және халықаралық телефон қосылымдарын жүзеге асыру мүмкіндігі) таксофондар орнату факсимильді аппарат немесе модемді қосу мүмкіндігі бар тіркелген қосылымдар арқылы (жергілікті, қалааралық және халықаралық телефон қосылымдары, сондай-ақ басқа байланыс операторларының телекоммуникация желілерімен автоматты тәсілмен немесе телефонистің көмегімен қосу) дауыстау телефоны қызметтерін ұсынатын ұжымдық пайдалану пункттерін ұйымдастыру;

факсимильді аппарат немесе модемді қосу мүмкіндігі бар, деректер тарату қызметтері, Интернет желісіне қол жеткізу, алдыңғы қатарлы технологияларды қолданатын қызметтерді тіркелген қосылымдар арқылы (жергілікті, қалааралық және халықаралық телефон қосылымдары, сондай-ақ басқа байланыс операторларының телекоммуникация желілерімен автоматты түрде немесе телефонистің көмегімен қосу) дауыстау телефоны қызметтерін көрсететін телекоммуникация қызметтеріне қол жеткізу орталықтарын ұйымдастыру;

\*\*\*\* - ұжымдық/жеке қол жетімділік - телекоммуникациялар қызметтеріне ұжымдық қол жетімділік артықшылығы;

\*\*\*\*\* - жеке/ұжымдық қол жетімділік - телекоммуникациялар қызметтеріне жеке қол жетімділік артықшылығы.